## "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 991 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 тамыздағы № 563 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 991 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 6-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен | ҰЭМ | наурыз | сәуір | | А.К. Әмрин |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | толықтырулар енгізу туралы | | | | тамыз | |

";

реттік нөмірлері 13 және 14-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13. | Агломерациялар ды дамыту туралы | ҰЭМ | маусым | шілде | қыркүйек | Б. Б. Омарбеков |
| 14. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ҰЭМ | маусым | шілде | қыркүйек | Б. Б. Омарбеков |

";

реттік нөмірлері 25 және 26-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 29-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **29.** | **Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы** | **ҰЭМ** | **қыркүйек** | **қазан** | **желтоқсан** | **А.К. Әмрин** |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Ә. Смайылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК